

«ДАРЫНДЫ, ТАЛАНТТЫ, ҚАБІЛЕТТІ ОҚУШЫЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКЕН КОУЧИНГ ЕСЕБІ

Өткізілген күні: 23.01.2026 ж.

Өткізілген орны: Астана қаласы Ж.Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназия

Қатысушылар: Педагог-зерттеушілер

Ұйымдастырушылар: Мектеп-гимназия директорының бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары А.Т.Көшметова, тренер Б.Ғ.Ғалымжанов

Коучингтің мақсаты: Дарынды, талантты және қабілетті оқушыларды анықтау, оларды қолдау және дамыту жолдарын қарастыру, педагог-зерттеушілердің тәжірибесіне тиімді әдіс-тәсілдерді енгізу.

Міндеттері: а) Дарынды және қабілетті оқушылардың ерекшеліктерін айқындау; ә) Оларды анықтау тәсілдерін талқылау; б) Дамытудың тиімді стратегияларымен таныстыру; в) Мұғалімдердің тәжірибе алмасуына жағдай жасау.

Коучинг барысында Коуч қатысушыларды коучингтің мақсатымен таныстырып, психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында «Жылы лебіз» сергіту сәтін өткізді. Қатысушылар топтарға топтастырылды. Коуч дарынды және талантты оқушылардың негізгі белгілеріне тоқталды: а) Жоғары танымдық белсенділік; ә) Шығармашылық ойлау; б) Логикалық ойлау қабілетінің жоғары болуы; в) Көшбасшылық қасиеттер; г) Жылдам қабылдау және есте сақтау қабілеті. Сонымен қатар оларды анықтау жолдары қарастырылды:

- Бақылау;
- Диагностикалық тапсырмалар;
- Пәндік олимпиадалар мен байқаулар нәтижесі;
- Психологиялық зерттеулер;
- Портфолио жинақтау.

Қатысушылар топтық жұмыс барысында: 1. Дарынды оқушының моделін жасады; 2. Сараланған тапсырмалар үлгісін құрастырды; 3. Қабілетті оқушыларға арналған шығармашылық тапсырмалар әзірледі; 4. Жобалық оқыту әдісін қолдану жолдарын талқылады. Әр топ өз жұмыстарын қорғап, тәжірибелерімен бөлісті.

Коучинг барысында ұсынылған негізгі тиімді жолдар: а) Саралап және деңгейлеп оқыту; ә) Жобалық және зерттеу жұмыстары; б) Олимпиадалар мен ғылыми байқауларға қатыстыру; в) Қосымша элективті курстар ұйымдастыру; г) Менторлық және жеке кеңес беру; ғ) Оқушының өзіндік білім алуына жағдай жасау.

Қатысушылар коучингтің мазмұнды әрі тәжірибелік маңызы жоғары болғанын атап өтті. Кері байланыс парақтары арқылы ұсыныстар жиналды.

Коучинг барысында дарынды, талантты және қабілетті оқушыларды дамытудың тиімді жолдары жан-жақты қарастырылды. Мұғалімдер жаңа әдіс-тәсілдермен танысып, өз тәжірибелеріне енгізу жолдарын жоспарлады.

Есепті дайындаған: А.Т.Көшметова

Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия директорының

бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары